

Хаттама

2021 жылдың 24 қыркүйек күні жоспарға сәйкес 1-11 сынып ата-аналары арасында ZOOM бағдарламасы арқылы жиналыс өткізілді. Тақырыбы: «Қауіпсіз интернет».

Компьютерге тәуелділік



Мақсаты – кәмелетке толмағандардың, ата-аналар мен мұғалімдердің нахарына агрессивті Интернет мазмұнының мәселесіне хабардарлығын арттыруға бағытталған ақпаратты жеткізуді қамтамасыз ету, интернет-ресурстарды пайдаланудың мәдениетән арттыру, кәмелетке толмағандарға қатысты Интернет белсенділігін бақылаудағы Интернет қызметін ересек пайдаланушылардың жауапкершілігін жоғарылату.

Дәріс барысында ата-аналарға презентация көрсетілді. Бала құқығы, міндет, бала құқығы туралы заң бойынша да ақпараттар берілді. Оқушылардың өздерін, достарын зорлық-зомбылықтан қорғанудың жолдары туралы кеңестер ұсынылды. Қиын кезде оқушыларға хабарласуға болатын сенім телефондары жөнінде де айтылды. Жиналыс соңында жадынамалар оқушылардың чаттарына жіберілді.

Хаттама


2021 жылдың қыркүйек айының 18-ы күні «Біз қандай ата-анамыз?» атты ата-аналармен сұхбат өтті.

Мақсаты: ата - аналар мен бала арасында жақындық қалыптастыру, қарым - қатынастың ерекшеліктерін психологиялық жаттығулар арқылы көрсету.

Өткізілетін күні: 18.09.21 жыл

Өткізілу түрі: ZOOM платформасы


Қатысушылар: ата – аналар



Мектеп психологы А.Саин:

Адамдар арасындағы қарым - қатынаста адамгершілік, әдеп - инабат үрдістерінің қаншалық кең жайылып, терең тамырлануы, ең алдымен, олардың жекелеген отбасында өркен жаюына, яғни баланың ата - анасын жан - жүрек қалауымен, саналы түрде ардақтап, құрметтеуіне, инабат тағылымын үлкендерден үйрене отырып, олардың өздеріне деген қарым - қатынастарында мүлтіксіз жүзеге асырып отыруларына байланысты. Сонымен қатар ата-ана мен бала арасындағы қарым қатынас өте маңызды.

Ата-аналармен сұхбат барысында ата-аналарға сұрақтар қойылып, жағдаяттық тапсырмалар берілді. Ата-аналар өте белсенді қатысып, тәжірибелерімен бөлісті. Жиналыс соңында ата-аналарға



психологиялық кеңес берілді.

Хаттама

Тақырыбы: «Балаңыз мектепке тез бейімделсін десеңіз» жадынама

Мақсаты: оқушылардың бейімделу кезінде ата-аналарға кеңес

Мектеп психологының әлеуметтік парақшасына және ватсап арқылы ата-аналардың чаттарына «Балыңыз мектепке тез бейімделсін десеңіз» атты жадынама таратылды.

Жадынамада ата-аналарға баланы бейімделу кезінде қалай тәрбиелеу керек жөнінде кеңестер берілді.



«Баланы бейімделу кезеңінде қалай тәрбие беру керек?»

Ата –анаға кеңестер:

- Таңертең бала сабаққа барарда жайлап қана оятыңыз. Кешегі бір теріс қылықтарын айтып, жүйкесін жұқартпаңыз.
- Егер баланыз сабақтан кешігетіндей болып жатса «бол да бол» деп айқайдың астына алмаңыз. Оны ертерек оятпаған өзіңіз кінәлісіз.
- Баланы сабаққа әсіресе таңертең ашқұрақ түрінде жібермеңіз.
- «Бұзық болма», «Қисалданмай тыныш жүр», тағы басқа ескертулерді жиі айта бермеңіз. Оның сабақтан шаршап келгенін ескертпеңіз.
- Егер бала әлденеге реңкіп келсе, бірнәрсе айтпақшы болса, арнайы көңіл бөліп тыңданыңыз.
- Есіктен кірмей жатып «бүгін қандай баға алды» деп бас салып сұрақ бермеңіз. Оның сабақтан шаршап келгенін ескеріңіз.
- Бала ашуланып жүрсе үндемеңіз. Сабағына түскен соң болған жайды өзі айтады.
- Баланың қылығы үшін мұғаліммен сөйлескенде баланы қатыстырмаңыз.
- Мектептен келе бала сабаққа дайындалмасын, 2-3 сағат ойнап, демалсын.
- Бір мезгілде барлық сабаққа дайындалмасын.
- Сабаққа дайындалып жатқан баланың желкесінен төніп, дөрекі сөйлемейсіз.
- Күнделікті баламен өмір еркін, жақын тартып әңгімелесіп тұрыңыз.
- Баланың көңіл күйін назарласа, басы ауырса бірден назар аударыңыз. Ол сабақтан зорығуы мүмкін.



№69 жалпы білім беретін орта мектебінің психологиялық қызметі

ХАТТАМА

2021 жылғы 25 қыркүйек

Қатысқаны: 35

Тақырыбы: «Оқушылардың мектепке бейімделу жолдары» тақырыбында ата-аналар жиналысы өтті.

Қатысқандар: 1 а, 1 ә, 1 б сынып жетекшілері, ата-аналар.


Күн тәртібінде:

1. 1 сынып ата-аналарына, сынып жетекшілермен пән мұғалімдеріне кеңес беру.
2. Оқушылардың орта буынға бейімделу тақырыбында ақпарат беру.
3. Ата-аналардың сұрақтарына жауап беру.


Тыңдалды:



Бірінші мәселе бойынша мектеп психологы Саин А.Ғ. ватцап чат арқылы өткен ата-аналарға презентация жіберілді. Презентацияда орта буынға бейімделуде балаланың психикалық жағдайлары туралы сөз айтылды. Ата-аналардың 1-сынып оқушыларының жас ерекшелік кездеріндегі өзгерістерімен таныстырылып, оқытудың жаңа талаптарына бейімделу кезеңінде қандай қиыншылықтармен кездесетіндігі айтылды. Ата-аналарға қазіргі уақытта қандай талаптар қойылатыны жөнінде мәлімет беріліп, бейімделу барысында психологиялық кеңестер берілді.



Екінші мәселе бойынша ата-аналар презентациядағы кеңестерді көріп, тақырыпты талқылады.



Үшінші мәселе бойынша ата-аналардың сұрақтарына жауап берілді.

№69 жалпы білім беретін орта мектебінің психологиялық қызметі

ХАТТАМА

2021 жылғы 25 қыркүйек

Қатысқаны: 28

Тақырыбы: «Оқушылардың орта буынға бейімделу жолдары» тақырыбында ата-аналар жиналысы өтті.


Қатысқандар: 5 а және 5 б сынып жетекшілері, ата-аналар.

Күн тәртібінде:

1. 5 сынып ата-аналарына сынып жетекшілермен пән мұғалімдеріне кеңес беру.
2. Оқушылардың орта буынға бейімделу тақырыбында ақпарат беру.
3. Ата-аналардың сұрақтарына жауап беру.

Тыңдалды:


Бірінші мәселе бойынша мектеп психологы Саин А.Ф. ватцап чат



арқылы өткен ата-аналарға презентация жіберілді. Презентацияда орта буынға бейімделуде балаланың психикалық жағдайлары туралы сөз айтылды.

Екінші мәселе бойынша ата-аналар презентациядағы кеңестерді көріп, тақырыпты талқылады. Жалпы екі сыныптың да бейімделуі қалыпты жағдайда.

Үшінші мәселе бойынша кейбір оқушылардың математика, тарих пәндерінен үлгерімі төмендеп қалғаны туралы айтылды. Оқушылар мен ата-аналар арасында байланыстың нығайтылуы керекті, бейімделу барысында балаларға қолдау көрсету керектігі ескертілді.




ХАТТАМА

Тақырыбы: «Жасөспірімдердің физикалық және психикалық денсаулығын нығайту және деструктивті мінез-құлықтың алдын алу» дәріс

Жасөспірімдер арасында өз-өзіне қол жұмсау, яғни суицид мәселесі қоғамда белең алып отыр. Осы мәселені шешуде ата-аналар, мұғалімдер, құрбы-құрдастары біріге жұмыс жасау арқылы суицидалды іс-әрекеттерді болдырмаудың алдын алу іс-шараларын жүргізу маңызды болып табылады. Өз-өзіне қол жұмсауға бейім адамдардың бірден-бір бөлігі психикалық тұрғыдан зардап шеккен, дені сау адамдар болып табылады. Осындай келеңсіз жағдайлар барлығы жасөспірімдерді қылмысқа тартады, оның ішінде өз-өзіне қол жұмсау жиі кездеседі. Жасөспірім шақта түрлі қиын кездерді бастарынан өткізеді, кейбіреулері бір нәрседен қорыққаннан, махабаттың сәтсіз болуынан, қиыншылыққа төзе алмау салдарынан өмірден қоштасуды жөн көреді.

Жиналыс барысында күнделікті жасөспірімдердің тыныс-тіршілігін қадағалау – олардың өмір қауіпсіздігін нығайта түсетінін де ескерте кетті. Ата-аналарға психикалық денсаулық туралы мағлұматтар айтып, тақырыптың маңыздылығы мен өзектілігін түсіндірді.



Хаттама

Тақырыбы: «Оқушылардың бос уақытын жоспарлау және интернеттегі қауіпсіздік» тақырыбында ата-аналар жиналысы өтті.

Қатысқандар: 1-11 сынып жетекшілері, ата-аналар, ДТІЖО Г.А.Кенжебекова, мектеп психологы А.Саин

Күн тәртібінде:

1. Оқушылардың бос уақытын дұрыс жоспарлау
2. Интернеттегі қауіпсіздік
3. Ата-аналардың сұрақтарына жауап беру.

2021 жылдың 4-5 қараша күндері ата-аналар жиналысы өтті. Бірінші мәселе бойынша «Оқушылардың бос уақытын дұрыс жоспарлау» туралы презентация көрсетілді. Бос уақыттарында балалардың мектептегі үйірмелерге қатысу, кітап оқыту, отбасылық шараларға қатыстыруына кеңес берілді.

Екінші мәселе бойынша ата-аналар презентациядағы кеңестерді көріп, интернеттің пайдасы мен зиянды тұстары талқыланды. Бала психикасына қалай ісер ететіндіктері туралы айтылды. Ат-аналар чатына көрсетілген презентациялар жіберілді.



Хаттама



Тақырыбы: «Отбасы – бақыт ұясы» ата-аналар жиналысы

Мақсаты: Ата — ананың бала тәрбиесіндегі қарым — қатынасы туралы түсініктерін білу арқылы бала тәрбиесінің алғашқы алтын қазығы туған ұясы, өз отбасындағы ата-ана тәрбиесі, өнегесі және ата-ана баланың бас ұстазы екенін білу.

Жас ұрпақ біздің өміріміздің тікелей жалғастырушы ғана емес, еліміздің тірегі, мызғымас болашағы. Адамзаттың өмірдегі ең қымбаттысы, көз қуанышы – бала. Бала – дербес тұлға. Оның бойындағы табиғи қасиеттер, адамгершілік құндылықтары отбасында, мектепте, әлеуметтік ортада нәрленеді. Баланың бас ұстазы – ата – анасы. Тәрбие үрдісінің бір тарауы отбасымен жұмыс десек, отбасынан басталатын тәрбие мектеп өмірінен жалғасын табады. Қазақтың отбасында өмірге келген әр бала ес біліп, етек жыйғанша, негізінен әке мен ананың тәрбиесінде болады. Бүгінгі мақсат - әрбір бала түбегейлі біліммен мәдениеттің негіздерін білу және олардың жан – жақты дамуына ата - ана, мектеп жағдай жасауы керек.

Сондықтан сіздерге балаларыңыздың мектептен барлық мүмкіндіктерді пайдаланып білім алу мен тәрбие жұмыстарына қатыстырып өзін - өзі басқаратын азамат болуына ат салысу қажет.

Жиналыс барысында ата-аналар ойларын білдіріп, пікір алмасты.



Хаттама

Тақырыбы: «Діни сауаттылықты арттыру»

Мақсаты: дін саласындағы сауаттылықты қалыптастыру

Қатысқандар: ата-аналар

2021 жыл 29 қазан күні "Дін мәселелері және қоғаммен байланыс" жөніндегі орталығының басшысы Құдайберген Мақсат Мұратұлы және теолог маман Орынбай Мәди Орынбайұлы ата-аналармен кездесіп, дін саласындағы сауаттылықты қалыптастыру мақсатында ақпараттық түсіндірме жұмысын жүргізді.

Бүгінде елімізде мемлекет пен діни ұйымдар арасындағы өзара қарым-қатынасты айқындаушы саланың бірі рухани, құлықтық, патриоттық білім беру мен тәрбие болып саналады. Келешек ұрпақтың рухани тұрғыда және құлықтық даму проблемасы – қазіргі қоғамдағы ең өзекті мәселенің бірі.

